Аннотация. В сфере международных отношений существуют определенные концепции различных теоретических школ, по-разному трактующих понятие силы. На протяжении многих лет вокруг этих подходов велись многочисленные научные дискуссии и проводились фундаментальные исследования. Представители школы реализма утверждают, что ключевое значение имеет классическое понимание силы в ее первоначальной форме. Они подчеркивают важность военной мощи и экспансионистской политики, стремясь доказать, что доминирующее положение в международной политике принадлежит сильным государствам. Представители теории либерализма, напротив, считают, что в понимании силы приоритетную роль играют демократия, культура и дипломатические методы. В настоящее время сторонники неореализма и неолиберализма продолжают развивать данные идеи, анализируя их с точки зрения современных международных условий. В статье также рассматриваются взгляды представителей других политических школ – структурализма, феминизма, марксизма, а также ряда казахстанских авторов в области международных отношений. Кроме того, в рамках указанных политических направлений в научный оборот были введены такие термины, как «жесткая сила», «мягкая сила» и «умная сила». В статье каждому из этих понятий уделено отдельное внимание. Анализ теоретических и практических особенностей данных концепций позволяет глубже раскрыть подлинную природу силы как категории международных отношений. Настоящая статья представляет собой попытку такого осмысления.

Ключевые слова: сила, мягкая сила, твердая сила, реализм, либерализм.

Saken Yessirkep

EVOLUTION OF VIEWS ON THE CONCEPT OF POWER IN POLITICAL SCIENCE

Abstract. In the field of international relations, various theoretical schools have developed independent interpretations of the concept of power. For many years, these approaches have been the subject of extensive academic debates and significant scholarly research. Representatives of the realist school argue that the classical understanding of power in its original form is of fundamental importance. They emphasize the significance of military power and expansionist policy, seeking to demonstrate that dominance

in international politics belongs to the strongest states. Representatives of liberal theory, by contrast, maintain that democracy, culture, and diplomatic methods play a leading role in the understanding of power. Today, proponents of neorealism and neoliberalism continue to develop these ideas further, analyzing them from the perspective of contemporary international conditions. The article also examines the views of representatives of other political schools, such as structuralism, feminism, and Marxism, as well as the perspectives of several Kazakhstani scholars. In addition, terms such as “hard power,” “soft power,” and “smart power” have been introduced within these political approaches. The article provides separate consideration of each of these concepts. An analysis of their theoretical and practical distinctions makes it possible to reveal the true nature of power more comprehensively. This article represents an attempt to achieve that objective.

Keywords: *power, soft power, hard power, realism, liberalism.*

КІРІСПЕ

Күш ұғымы әлемдік саясатта үлкен маңызға ие. Өйткені саяси ғылымда, халықаралық қатынастар дисциплинасы негізінде, сондай-ақ әлемдегі саяси оқиғалардың өзгерісінде күштің немесе оның балама мағынасына ие биліктің, әскери қуаттың және қатты күштен айналып өтіп, дипломатиялық мәміле арқылы ортақ шешімдер қабылдаудың орны ерекше.

Сондықтан саяси ғылымда, халықаралық қатынастар теориясында негізгі бірнеше саяси мектеп өкілдері арасында күш ұғымына және оның әлемдік саясаттағы орнына қатысты көптеген жылдар бойы пікірталас жалғасып келеді. Бірнеше саяси мектеп арасында ғылыми тұжырымдар қалыптасқан. Бұл ретте, осы тақырыпты зерттеу барысында аталған мектеп өкілдерінің көзқарасындағы негізгі ерекшеліктер мен олардың өзара түйіскен тұстарына айрықша назар аударғанды жөн көрдік.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Зерттеу жұмысы барысында күш ұғымына қатысты классикалық реализм, классикалық либерализм, неореализм, неолиберализм, структурализм, марксизм т.б. саяси мектептерінің теоретиктері жазған еңбектер мен олардың жасаған тұжырымдарына салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Аталған мектеп өкілдері ұзақ жылдар бойы күш ұғымының әлемдік саясаттағы маңыздығына қатысты пікірталас жүргізіп келеді. Олардың тұжырымдағы ойлардың негізгі аспектілерін талдау арқылы оқырманға күш ұғымының саяси ғылымдағы даму эволюциясы ұсынылатын бола-

ды. Осы мақалада күш ұғымына қатысты саяси ғылымдағы негізгі мектеп өкілдерінің көзқарастарына тарихи және салыстырмалы талдау жасалған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Күш ұғымының құралдары, оның өлшем сипаттамалары әрқилы. Кейбір мәселе туралы сандық зерттеу әдістері арқылы қорытынды шығаруға тура келсе, кейбір тұжырымды тек сапалық зерттеу әдістері арқылы анықтауға болады. Бұл ретте, біз күш ұғымына байланысты ең кең таралған қатты, жұмсақ және ақылды күштердің ара жігін ашып көрсетуді және олардың өзара әлеуетін толығырақ танып-білу үшін әрқайсысына тән құралдарды жеке-жеке жазуды жөн көрдік.

Қатты күшке қатысты мәліметтерді, қорытындыларды шығару үшін сандық зерттеу әдісіне жүгіне аламыз. Мысалы экономикалық қысым жасаудың нәтижелерін цифрлармен, статистикамен, тауар айналымының өсу немесе азаю динамикасымен анықтауға болады. Әскери шабуылдың әсері де жаулап алынған аумақпен, адам санының шығынымен т.б. оңай өлшенеді. Қатты күш құралдарының бағанында көрсетілген тәсілдердің көпшілігін сараптауда осы сандық әдістің нәтижелері нақты тұжырым жасауға, нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ақылды күштің құралдары сандық және сапалық әдісті қажетіне сәйкес пайдалану қажеттігін көрсетеді. Қандай да бір елдің ақылды күш құралдарын пайдаланғанын осы екі әдісті қолдану арқылы айқындауға, тиісті тұжырымды немесе гипотезаны дәлелдеуге болады.

Ал жұмсақ күш саясатының нәтижелері мен үрдістерін анықтауда көбінесе сапалық зерттеудің бірқатар әдістері көмекші бола алады. Бұған бір мысал ретінде соңғы бес жылда әлемдегі жұмсақ күш саясатындағы ең ықпалды мемлекеттердің үздік отыздығының индексін жасау дәстүрге айналғанын айта кеткен жөн. Үздіктерді таңдауда мемлекеттердің білім беру жүйесінің өркендеуі, ол елге шет мемлекеттерден келетін білім алушылар санының көптігі, олардың ықпалды орындарда қызмет етуі, мәдениетінің, оның ішінде кино өнері, тілдік ықпалы, халықтың салт-санасының және музыкасының тартымдылығы, диджитал, IT саласының дамуы, технологиялық прогресс, басқару жүйесінің ықпалдылығы, оның өзге ел халқы үшін үлгі етерлік сипатта болуы, отбасы құру, яғни сол ұлттың өкілдеріне үйленетін немесе тұрмысқа шығатын өзге ел азаматтарының көп болуы, кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті, жаһан жұрты тұтынатын сапалы өнім дайындауы сияқты параметрлер есепке алынады. Осы аталған нәтижелерге қол жеткізу үшін көбінесе сапалық зерттеу әдістерінің нәтижелері мен қорытындылары есепке алынған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Бірінші күш ұғымына ерекше тоқталған және оны талдаған классикалық реализм мектебінің өкілдері. Жалпы реализм термині философия, саясаттану, әлеуметтану сияқты дисциплиналарда әр түрлі сипатта қолданылады. Саяси ғылымдағы реализмді мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау жолында әскери күшке сүйену арқылы іс-қимыл жасау әрекетін құптайтын, аталған бағытты ұстанатын немесе мұны қалыпты аксиома ретінде қабылдайтын саяси бағыт деп сипаттауға болады.

Реалистер күш ұғымын соғыс, әскери гегемония және қарулы қақтығыспен байланыстыра айтады. Яғни, күш сөзін тура мағынасында қарастырады. Реализм саяси мектебінің өкілдері халықаралық қатынастар, әлемдегі саяси өзгерістердің бәрі «қатты» күшке тәуелді екенін алға тартады. Шынында да мыңжылдықтарға жалғасатын адамзат тарихының даму кезеңдері қуаты мемлекеттердің әлсіз елдерді басып алуымен, әлемдегі ықпалды империялардың дамыған кезде өзге елдерді әскери күшпен жаулап алып, әлсіреген кезде өзінен күші басым елдерге есе жіберіп, кейіннен тарих сахнасынан жойылып отырғанын, яғни ықпалды мемлекеттер арасалмағының қатты күшке қатысты өзгеріп отырғанын көруге болады. Реализм саяси мектебінің өкілдері осынау тарихи аксиоманы басты қағида ретінде басшылыққа алады. Реализм мектебінің өкілдері әлі күнге дейін дипломатиялық көпжақты қатынастардың дамуына қарамастан бастапқы ұстанымға сүйенеді.

Тарихтағы әйгілі Отыз жылдық соғыс аяқталып, 1648 жылы Вестфалия бітімі туралы келісім қабылданған сәттен бастап, әлемдік саясатта келіссөздер мен дипломатияның рөлі нығайған болатын. Осы оқиғадан соң бірнеше жыл бойы мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктер дипломатиялық жолмен шешіле бастады.

Бұған қарамастан XX ғасырда болған Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар әскери қақтығыстардың әлі де болса әлемдік тәртіпке өзгерістер енгізе алатынын дәлелдеді. Тіпті таяуда ғана орын алған, яғни 2022 жылы ақпан айында Ресейдің Украинаға басып кіруі, 2023 жылдың соңында шиеленіскен Таяу Шығыстағы жағдай өркениетті әлемде әлі де болса әскери қақтығыспен соғыстың ықпалы зор екенін дәлелдей түсті. Бұл реализм мектебі өкілдерінің тұжырымы әлі күнге өзекті екенін көрсетті. Саяси реализм мектебінің өкілдері осындай факторларды алға тарта отырып, қатты күштің әлемдік саясатта қазір де шешуші рөлге ие екенін жазады.

Британ саясаттанушысы және саяси реализм мектебінің өкілі Эдуард Карр әскери күштің әлеуетін төмендетіп, дипломатия, келіссөз арқылы жетістікке жетуді бірінші орынға қойған либерализм және идеализм

мектебі өкілдерін «утопияшылдар» ретінде айыптап, оларды көптеген соғыстардың орын алуына тікелей себепкер ретінде сынады (Burchill et al. 2005, 8). Оның пікірінше басталғалы тұрған соғысқа лайықты қарсылық көрсетіп, оған жауап беруге дайындалудың орнына, қатты күшті қолданушы акторлармен келіссөзге келуге үміттену көптеген мемлекеттерді жиі өкінішке ұрындырып келеді. Өйткені фашистік Германия да еуропалық елдер қаншама рет дипломатиялық келіссөздер жасап, Гитлерді алған бетінен қайтаруға тырысқанына қарамастан әлемдік соғыс басталды. Сондықтан әскери қақтығысқа реалистік көзқараспен қарап, ең әуелі оған тойтарыс берудің тиімді жолдарын ойластырған жөн.

Сонымен қатар 1970 жылдардың соңында пайда болған неореализм теориясының өкілдері «күш» ұғымын тек қару-жарақ, қара күш қолдану түсінігімен шектемей, ықпал етудің экономикалық қысым жасау, қарсыласын өзіне қаржылық тәуелді ету сынды қырлары бар екенін және оны тиімді пайдалану арқылы мақсатқа жетуге болатынын жазды. Қазіргі таңда тек ірі мемлекеттерді айтпағанда көптеген трансұлттық компаниялар көптеген елдердің экономикасын өзіне тәуелді етіп, өз әмірін жүргізіп келеді. Сондықтан қатты күштің әскерден өзге де жанама құралдарына көңіл бөліп, оны мақсатқа сәйкес пайдалануға болатыны күн тәртібіне шықты.

Америкалық саясаттанушы, неореализм теориясы өкілдерінің бірі Кеннет Уолц «Шынайы саясат сыртқы саясатты жүргізудің әдістерін көрсетеді және оның логикалық принциптерін белгілейді. Ал күштер тепе-теңдігі осы әдістердің халықаралық қатынастардағы салдарын түсіндіреді. Дәлірек айтсақ, теория осылай дейді. Егер халықаралық қатынастардың ашық саяси теориясы болса, ол күштер тепе-теңдігі теориясы» дейді (Waltz 1982, 41).

Уолцтың пікірінше күштер өзара тепе-тең болмаған жағдайда ықпалды ойыншылардың басымдығы мықты актордың ырқына қарай жығылады. Ол әлемдік саясаттың мыңжылдық кезеңдерін талдай отырып, қай кезде де күштің немесе әскери әлеуеттің мүмкіндігі шешуші рөлге ие екенін, әскери күштің арқасында жетістікке жетудің жиі көрініс беріп келе жатқанын жазады (Burchill et al. 2005). Күштің дәл осындай турамағынасындағы маңызы туралы реализм саяси мектебінің көптеген өкілі пікір білдірген.

Америкалық белгілі саясаттанушы ғалымдар Тажа Пол (T.V. Paul), Джеймс Уиртс (James J. Wirtz) және Майкл Фортман (Michel Fortmann) «Күштер тепе-теңдігі» атты еңбекте күштің қатты, жұмсақ және ассиметриялық тепе-теңдік атты негізгі үш түріне тоқталады (Paul, Wirtz, and Fortmann 2004, 3–4). Қатты тепе-теңдік ретінде бәсекелес елдер арасындағы әскери бақталастық, әр түрлі коалициялар құру үрдісі сипатта-

лады. Бұл бағыттағы тұжырымды қолдаушы ғалымдар көбінесе реализм және неореализм мектебінің өкілдері.

Жұмсақ тепе-теңдікті ұстанушылар елдер арасындағы әр түрлі келісімдерді, әскери әлеуетті арттыруға қарағанда, одақтық және өзара әріптестік қатынастарды дамытуды қолдайды. Олар топтастып одақтасу арқылы елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болатынын алға тартады.

Ал ассиметриялық тепе-теңдік терроризм сияқты әдіс арқылы өзінің қуатты елдерге, күштерге ықпалы ету, өз талабын орындату амалынан туған әрекет ретінде сипатталады.

Саяси ғылымдағы классикалық реализм саяси теориялық мектебінің өкілдері Кеннет Уолц, Роберт Джервис, Джон Миршаймер, Роберт Гилпин, Кеннет Уолтц, Ганс Моргентау т.б. «күш» ұғымына ерекше тоқталып, оның мемлекеттің бар болуында, елдер арасындағы қатынаста маңызды рөл ойнайтын құрал екендігін алға тартады.

Аталған зерттеушілердің пікірінше адамның табиғаты күшке, басымдыққа жетуге негізделген. Егер өз күші жетпеген жағдайда ортақ коалиция құру арқылы өз мақсатына жету әлемдік саясаттағы негізгі қағиданың бірі саналады. Реализм мектебінің өкілдері әр мемлекеттің өз әлеуетін арттырып, қатты күшке ие болуды көздейтінін алға тартады (Akşemsettinoglu 2002, 66).

Тағы бір америкалық саясаттанушы ғалым, Колумбия университетінің Халықаралық қатынастар және халық дипломатиясының процессоры Роберт Джервистің пікірінше бір сәтсіздік екінші бір сәтсіздікке әкеледі деген «домино теориясына» көп сене беруге болмайды. Оның пікірінше орта деңгейлі күштер әрдайым тепе-теңдіктің сақталуына көңіл бөледі. Ал АҚШ секілді ірі мемлекеттер бұл тепе-теңдіктің сақталуын қамтамасыз етеді (Jervis and Snyder 1991, 7). Яғни, күштердің тепе-теңдігін, олардың арасындағы өзара балансты сақтап отыру қажет (Jervis and Snyder 1991, 22).

Америкалық саясаттанушы ғалым, Чикаго университетінің профессоры, «шабуылдаушы реализм теориясының» авторы Джон Миршаймер «либерал гегемония» идеясын сынға алады. Ол бұл теорияны амбициясы мол, шындықтан алыс тұжырым деп санайды.

Миршаймер «Либерал армандардың үлкен қателігі және халықаралық ақиқат» деп аталатын еңбегінде «Либерал құндылықтарды ұстанатын елдер сол идеяны өзгелерге, әлем мемлекеттеріне сіңіргісі келеді. Өйткені олар либерал демократия ең ақылды, ұтымды жол деп санайды. Олардың ойынша либерал идея тараған елдер бір-бірімен соғыспайды, татулықта өмір сүреді деген көзқарас бар... Бірақ бұл қате тұжырым. Әлемде ірі либерал мемлекеттер болған жерде олардың арасында

бәсеке де бар. Олар бір-бірін үнемі аңдып, өзара бәсекелесіп отырады. Өйткені ең бірінші өз мүддесін, өзгеден үстем болуын ойлайды. Бірақ либерал идеялар туралы риторикаларын да жиі айтып жүреді. Сырттай қарасақ сөздері либерал, ал істері реалистерге қатты ұқсайды» дейді (Mearsheimer 2018, 16). Ол «Ұлы күш саясатының трагедиясы» атты мақаласында «Экономикада ақша қаншалықты маңызды болса, халықаралық қатынастарда күш те соғұрлым маңызға ие екені бұлтартпас ақиқат» деп пайымдайды (Mearsheimer 2001, 7–25). Миршаймер осы арқылы қатты күштің маңызды екенін алға тартады.

Роберт Гилпин күштердің ара салмағы әрдайым тең болуы тиіс деген ұстанымда. Оның пікірінше тепе-теңдік бұзылған жерде әскери кикілжің, қақтығыс орын алу ықтимал. Нәтижесінде саяси және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жаңа баланс күштерін іздеуге туралы келеді (Gilpin 1988, 27).

Ал неореализм мектебінің белді өкілі Кеннет Уолтц мультиполяр әлемдік тәртіпке қарағанда биполяр жүйенің болғаны әлдеқайда жақсы деген пікір айтады (Waltz 1979, 136–137). Оның пайымдауынша көптеген ірі актор болған кезде дағдарыс, өзара қақтығыс орын алу ықтималдығы артады.

Саяси реализм және прагматизм мектебінің өкілі Ганс Моргентау АҚШ-тан өзге ірі мемлекеттердің саяси және әскери саясатын жиі сынайды. Ол әскери әлеуетті дамытуды қолдайды. Түрлі истребительдер, қару-жарақ түрлерін жасап шығару және оны белгілі бір мөлшерде экспорттау арқылы елдің сыртқы имиджін жақсартуға болатынын алға тартады (Morgenthau 1969, 92). Моргентау жалпы адамдар арасында кездесетін моральдық және этикалық құндылықтардың мемлекеттік шаруаларда іске аспайтынын және қажетсіз болатынын алға тартады (Burchill et al. 2005).

Сент Джонс университетінің профессоры Дэвид Көрн күш ұғымына қатысты реалистердің көзқарастарында тек әскери, қарулы қақтығыс, экономикалық сипаты ғана айтылатыны, күштің өндірістегі, технологиядағы көрсеткіштері, инфрақұрылымның дамуы және халықтың саны мен сапасына қатысты әлеуеті назардан тыс қалып жүргендігін сынайды (Kearn 2011, 74).

Ал марксизм мектебінің өкілдері күшті немесе ашық бәсекелестікті әр түрлі таптардың арасынан іздейді және басымдықты жұмысшылар табының еншісіне тиесілі екенін алға тартады. Олар әлемдік төңкеріс арқылы жұмысшы табының үстемдігін орнату қажеттігін ұсынады.

Төңкеріс тек күш қолдану арқылы ғана емес таптар арасындағы тепе-теңдік идеясын кеңінен тарату арқылы да қалыптасады. Бұл тұжы-

рымды неомарксизм мектебінің өкілдері А. Грамши, К. Касториадис, Г. Маркузе, Ж.П. Сартр сияқты ғалымдар да қолдайды. Аталған теоретиктер ел арасында төңкерісшіл көңіл-күй атмосферасын қалыптастыруға бар әлеуетін пайдалана қызмет етті.

Америкалық философ П. Готфрид мұны «Марксизм идеясы әлсірей бастағанда қайтадан төңкеріс идеяларының өркендеуіне ұмтылыс» деп бағалады (Михайловский 2015, 38). Ал италияндық неомарксист Антонио Грамши «үстемдік ету» немесе «гегемония» терминін жағымды мазмұнда қолданып, оның таптар арасында жетістікке жетудің негізгі кілті ретінде рөл ойнайтынын жазды (Михайловский 2015, 40).

Грамши «Түрме хаттары» атты еңбегінде «мәдени институттар» жайлы жазады. Осы әдебиет, өнер және тіл сынды мәдени институттар халықтың ой-санасын қалыптастырады. Бұл халықтың, елдің қандай болмағына тікелей әсер етеді. Сондықтан ол мәдени институттар жайлы өз тұжырымдасын ұсынады. Грамшидің көзқарасындағы «мәдени идеологиялық гегемония» тұжырымын халықаралық қатынастардағы жұмсақ күш саясатының негізгі идеялық платформаларының бірін құрады деп санауға болады. XX ғасырдың соңында бұл тұжырым саяси ғылымда, әсіресе неолиберализм мектебі өкілдерінің арасында үлкен ықпалға ие болды.

А. Грамши «Саяси күрес кезінде әскери қақтығыс сияқты қантөгіске дейін бару мүлдем қажет емес. Бұл жерде дипломатия қажет. Дипломатия, мәселені қантөгіссіз, соғыссыз шешуге қажетті халықаралық саяси күрестің түрі» дейді. Ол осы сөзі арқылы күштен келіссөздің анағұрлым жоғары тұратынын дәлелдейді (Грамши n.d., 263). Оның ілімі реалистік және маркстік идеяларға, тұжырымдарға қарсы пайда болды деуге де болады.

Маркстік ілім жұмысшы тап өкілдерінің өзге санаттағы адамдар топтарынынан үстемдікке ие болатынын, түбінде әлемдік төңкеріс арқылы коммунизм идеясының орнығатынына негізделген. Сондықтан Грамши маркстік идеяға қарсы баламалы ойлар айтумен де ерекшеленеді.

Марксизм теориясының белді өкілі Майкл Кокс қандай да бір елдің ішіндегі және әлемдегі үстемдік етуші таптар, мемлекеттер және ықпалды халықаралық институттар өзара ынтымақтасып әлемдік тәртіпті орнатуы тиіс деген тұжырымға тоқталады (Burchill et al. 2005, 20). Ол мұндай таптық үстемдік марксизм идеясына негізделетінін меңзейді.

Күш ұғымына қатысты феминизм теориясының өкілдері де өзіндік көзқарасқа ие. Олар әйел мен ер адамдардың арасындағы күш балансының болмауына байланысты әлемде әділетсіз жүйе орнағанын сынға алады. Олар әйелдердің күші әлсіз болғандықтан халықаралық қатына-

стардан бастап, қазіргі кез келген қоғамда ерлердің монополиясы қалыптасқанын, әлемдік тәртіптің соған ыңғайлы құрылғанын айтады. Бұл ретте олардың ұстанымдары әйелдердің барлық саладағы құқықтары мен үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған және осы бағытта іс-қимыл жасайды.

Классикалық реализм мен неореализм көзқарастарының айырмашылығы күш ұғымының анықтамасында. Реалистер күшті елдің әскери қуаты ретінде көрсетсе, неореалистер әскери күшпен қатар экономикалық, саяси, технологиялық, т.б. күштерді қоса қарастырады (Anlamassova 2017). Сонымен қатар, классикалық реализм мектебі өкілдері күш ұғымын мақсат ретінде сипаттаса, неореалистер билікті елдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырады.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін қарулы қақтығыссыз, экономикалық қысымсыз мақсатқа жетудің жолдарын ұсынған теоретиктердің саны артты. Саяси сарапшылардың көпшілігі мұны адамзаттың болашағы, әлемдік тәртіптің қажетті шарты ретінде атап, аталған бағытта түрлі тұжырымдар пайда бола бастады. Бұл саясаттану мен халықаралық қатынастар дисциплинасында жұмсақ күш саясаты туралы әр түрлі тұжырымдардың тууына ықпал етті (Bokova 2010).

Ал XX ғасырдың 80-90 жылдары, яғни Қырғи-қабақ соғысынан кейін пайда болды деп есептелетін конструктивизм мектебінің өкілдері әлемдік кикілжіңдердің туындауына себеп болған ойыншылардың мүдделері, мәдениеті, болмысын зерделеу арқылы, күшсіз-ақ проблеманы шешуге болады деген ойды алға тартады.

Конструктивизм идеясы либерализм мектебі өкілдерінің пікіріне жақын. Бұл идеяны алға тартушылар әлемдік тәртіпті әскери күш те, белгілі либерал бастамалар да емес мемлекеттегі, әлемдік тәртіпте қалыптасқан құрылыс немесе құрылым айқындайды деген принципті ұстанады.

Осы саланың өкілдері халықаралық құқық кезінде маңызды рөл ойнайтын халықаралық институттарды маңызды құрал (инструмент) ретінде атайды (Gururaj and Mohammed 2016, 82). Конструктивизм мектебі енгізген ұғымның бірі – дискурсты күш. Бұған білім, идея, мәдениет, тіл және идеология жатады. Бұлар әлемдік тәртіпті айқындауда әскери күштен әлдеқайда маңызды. Дискурсты күш интерсубъектив мағынаға ие. Осы арқылы материалдық күш, құрылым, мемлекеттік сәйкестік (идентичность) және мемлекетаралық қатынастар айқындалады. Сондай-ақ, достың, қарсыластың және жаудың кім екені анықталады (Алексеева et al. 2018, 66).

Сондай-ақ конструктивизм мектебінің өкілдері Майкл Барнет пен Раймонд Дувал «күш» ұғымы халықаралық қатынастардың негізін құрайтыны туралы жазады (Barnett and Duvall 2005). Олардың пікірінше дис-

циплинарлық талас-тартыстар белгілі бір күштің өзгеге ықпал жүргізуіне көңіл бөледі. Бірақ осы салада бірнеше актордың, күш орталықтары мен түрлерінің бар екеніне назардан тыс қалады.

Танымал конструктивист-ғалым Александр Вендт мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына, оның әлеуметтік қырына, мүдделеріне ерекше мән береді. Ол «халықаралық қатынастардағы конструктивистік шақырулар теориясында билік пен материалдық мүмкіндіктердің бөлінуі халықаралық қатынастардың негізін құрамайды. Неорелизмнің индивидуалдық онтологиясын идеяның бірегейлік (идентичность) пен мемлекеттің мүддесін құрайтынына қатысты біртұтас тәсілге ауыстырған жөн» (Barros-Luis 2012, 27) деген пікірді ұстанады.

Вэндттің пікірінше, әлеуметтік құрылымдар жалпы білім, материалдық ресурс және тәжірибе сияқты элементтерден тұрады.

Біріншіден, ортақ түсініктерден, күтулерден немесе білімдерден тұратын әлеуметтік құрылымдар субъектілердің күйін және бірлескен немесе қарама-қайшы қарым-қатынастардың сипатын білдіреді. Қауіпсіздік дилеммасы, мысалы, мемлекеттер бір-бірінің ниеттері туралы ең нашар жорамалдарға байланысты сенімсіздік тудыратын, сондықтан өз мүдделерін анықтайтын субьектаралық әлеуметтік құрылым. Екінші жағынан, қауымдастықтың қауіпсіздігі – бұл мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды соғыссыз шешу үшін сенім туралы білім беретін басқа әлеуметтік құрылым.

Екіншіден, алтын мен танк сияқты материалдық ресурстардан тұратын әлеуметтік құрылымдар бар материалдық ресурстар білім құрылымы арқылы адам әрекеті үшін мағынаға ие болады деп тұжырымдайды (Anlamassova 2017, 26).

Қырғи-қабақ соғыс аяқталып, Кеңес Одағы күйрей бастағанда америкалық мәдениетті әлемге жаю мақсатында идеологтар ескі әдістердің іске жарамсыз екенін айтып, жаңа әдіс-тәсілдер ойлап табудың жолын іздейді (Mirrlees 2006, 206). Мұндай әдістің бірі жұмсақ күш саясаты болды деуге негіз бар.

Күш ұғымына қатысты тағы бір тарап «ақылды күш» термині арқылы ерекшеленеді. Яғни, бұл көзқарас иелері қажет кезде әскери күшті, қажет кезде жұмсақ күшті пайдалана отырып, баланс ұстау арқылы ақылды саясат жүргізуді ұстанады.

Конструктивизм бағының өкілдері биліктің, күштің формалары мен түрлерін жіктеп, өзара ерекшеліктерін айқындап алу қажеттігіне көңіл бөледі. Бұл ретте биліктің күштеуші, институционалдық, құрылымдық және өнімділік түрлеріне назар аудару қажет. Осылайша олардың бір-бірімен байланысын, айырмашылығын анықтап, халықаралық қатынас-

тарда күштің қандай жағдайда қалай әсер ететін білуге болады деген пікірді ұстанады.

Күш ұғымына қатысты тағы бір көзқарас либерализм мектебі өкілдеріне тән. Бұған біз зерттеу жұмысының өзегі қылып алған «жұмсақ күш» саясаты туралы зерттеуші ғалымдар да жатады. Олар әскери қақтығысты ысырып, әр түрлі мәдени, гуманитарлық тәсілдер арқылы өзгеге әмір жүргізудің жолдарын ұсынады.

Либералдар қатты күштің маңызды екенін мойындағанымен, оны екінші қатарға қойып, әр түрлі жұмсақ, либерал тәсілдер арқылы шешімге келудің маңыздылығын басты қағида етіп алған. Либерализм өкілдері адамның ақыл-ойы, парасаты дүлей күшке сүйенуден әлдеқайда биік, парасатты екенін, сәйкесінше қақтығыстарды өркениетті жолмен, келіссөздер, өзара түсінісу арқылы шешудің маңызды екенін алға тартады.

Либерал құндылықтар тұжырымын ұстанушы америкалық саясаттанушы Майкл Доил либерал-демократиялық принциптер басшылыққа алынатын елдердің арасында екі жүз жыл бойы, яғни дәлере айтқанда, 1790 жылдан 1980 жылға дейінгі аралықта ешбір көлемді соғыстың болмауы либерал құндылықтардың арқасы екеніне назар аударады (Doyle 1983, 324). Америкалық саясаткер Корделл Халл болса Германия, КСРО сияқты авторитарлы және тоталитар елдердің либерал мемлекеттерге шабуыл жасауы олардың соғысқа құмарлық, шабуыл жасаушы немесе қатты күшке сүйенуге бейім табиғатынан туындайтынын жазады (Hall 1944, 134). Автор либерал құндылықтар негізге алынатын елдердің табиғатына агрессиялық саясаттың жат екенін, сондықтан либерал құндылықтарға қарсы елдерге сеніп, олардың қақпанына түсіп қалу қаупінен сақтандырады.

Доил либерал елдер мен либерал емес немесе ішінара либерал мемлекеттер арасындағы ең үлкен қайшылық, келісімде өмір сүруге кедергі келтіретін фактор өзара құрмет пен сенімнің болмауынан деп түсіндіреді (Doyle 1983, 326). Оның пікірінше мұндай кедергі аталған мемлекеттер арасындағы әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынастардың дамуын да тежейді.

Бұл ретте либерал мемлекеттердің өз құндылығын өзге елдер арасында орнатуға барынша мүдделі болуы осындай себептерден келіп шығады деп тұжырым жасауға болады. Дегенмен либерал құндылықтарды әлемнің өзге елдеріне жаюға тырысушылықты либерал күштердің империалистік саясаты ретінде сипаттап, оған қарсы өзге елдерде агрессия да туғызатынын ескерген жөн. Либерализм құндылықтарын таратуды аталған мемлекеттер қанша жерден өзге елдердің қазіргі немесе болашақтағы ықтимал агрессиялық саясатын жұмсарту немесе оны толық

жоққа шығару ретіндегі іс-қимыл ретінде бағаласа да бұл әрекеттің «қатты» және «жұмсақ» сипаттағы қарсылық әрекеттеріне ұласатынын көруге болады. Сондықтан либерал мемлекеттердің өз шындығы тұрғысынан қарап, өзге пікірдегі әлемді либерал құндылықтарға тарту ісі эгоистік сипаттағы әрекет ретінде сыналып та жүр.

Дойл либерал және либерал емес мемлекеттерді салыстырғанда либерал елдердің екі негізгі артықшылығы бар екенін жазады. Бірінші ерекшелік адам құқықтарын бірінші орынға қою. Яғни, осы арқылы құлдық қоғамнан арылып, екінші және үшінші әлем елдері қатарынан өсуге мүмкіндік бар. Бірақ диктаторлық режимдер адам құқықтарын қамтамасыз етуге оң көзқарас таныта бермейді. Екінші ерекшелік еркін сауда және инвестиция саласы. Либерал экономика кез келген елге тең мүмкіндіктер сыйлайды. Бірақ үшінші әлем елдері мұны қаламаса либерал экономикалық мемлекеттер оларға көмектесе алмайды (Doyle 1983, 343). Дойл осы пікірі арқылы өзге режимдегі елдерді либерал құндылықтарға оң қабақ танытып, жақындасуға кеңес береді.

Күш ұғымына либерализм саяси мектебінің өкілдері гуманистік сипатта түсініктеме беріп, мемлекеттер арасындағы түсініспеушілік, кикілжіңдерді өзара келіссөздер, татулық саясаты, одақтастық арқылы шешуге болатынын және оның адамзат игілігі үшін тиімді жол екенін жазады. Либерализм мектебінің өкілдері либералдық құндылықтар, мемлекеттер адамдар арасында үстемдікке ие болатынын, болашақта осы арқылы соғыссыз да үлгілі орта қалыптасатынын алға тартады.

Либерализм мектебінің өкілдері соғысқа қатысты түрлі ой айтқан. Кейбірі соғыс, әскери қақтығыс либерализмнің жауы, оның түбіне жететін апат ретінде сипаттаса, Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-Министрі Дэвид Ллойд Джордж либерализмнің соғыстан мықты екенін айтады. Оның пікірінше адамзат тарихында үздіксіз соғыс болып келеді. Егер либерализм соғыстан қатты соққы алатын болса әлдеқашан жойылып кетіп, қазір өзге әлемде өмір сүретін едік. Сондықтан либерализм соғыстан әлдеқайда қуатты, өміршең (Starr 2007) деп бағалауға болады.

Либералдарды мемлекеттің милитаристік саясаты қатты алаңдатады. Олар үшін сыртқы саясаттағы либерал ұстаным өте маңызды. Себебі мемлекет сыртқы саясатта әскердің күшіне айрықша көңіл бөліп, қарулы күштерді дамытса, бұл өз кезегінде іштегі бостандыққа да теріс әсер етеді. Өйткені қуатты әскер сыртқы күштермен күресіп, шекараны қорғаумен қатар, ел ішіндегі еркін адамдарды басып-жаншуға да араласуы мүмкін (Meiser 2018, 1).

Либерал демократиялық әлем теориясының өкілі Майкл Дойл (Michael Doyle) тарихтағы мемлекеттер арасындағы көптеген соғыс ұлттық және мемлекеттік мүдделер қақтығысынан туындап келгенін айтады.

Ал либерал-демократиялық мемлекеттер бір-бірінің қауіпсіздігі мен егемендігін сыйлайды. Сондықтан демократиялық емес елдермен соғысса да, бір-бірімен қақтығысқа бармайды. Өйткені либерал саясат ұстанушы елдегі билеушілер автократтар мен монархтарға қарағанда сайлаушылары алдындағы жауапкершілікті сезгендіктен әскерге, соғысқа қаржы бөлгенді дұрыс көрмейді деп тұрыжымдайды (Doyle 2008, 51)

Неолиберализм инстиционализм мектебінің өкілі Роберт Кохейн (Robert Keohane) либерал институттардың маңызы зор екеніне тоқталады. Ол 1995 жылы өзінің саясаттанушы әріптесі Лиза Мартинмен (Lisa Martin) бірігіп жазған «Институционалдық теориялардың уәдесі» атты мақаласында либерал институттардың түрлі қарулы қақтығыстар мен соғыстың алдын алуға ықпал ететінін баяндайды. Олардың пікірінше аталған институттардың мойнына әлемнің қауіпсіздігін артып қою да «құрғақ уәде» болар еді. Бұл ретте кез келген биліктің қызметін реттеп, тепе-теңдік тәртібін сақтап отыратын институттар болған кезде әлемде бейбіт өмір де ұзағырақ болады (Keohane and Martin 1995). Роберт Кохейн жұмсақ күш теориясының атворы Джозеф Наймен бірге де бірнеше ғылыми мақала жазып, либерал құндылықтар, институттар арқылы мақсатқа жетудің жолдарын зерделейді.

Күш категориясына қатысты саяси мектептер арасында елеулі теориялық қайшылықтар қалыптасқан. Реализм мектебі күштің негізі әскери және материалдық ресурстарда деп есептеп, халықаралық саясатта шешуші рөлді әскери қуат атқаратынын алға тартады. Ал либерализм өкілдері мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық, халықаралық институттар, дипломатия және демократиялық құндылықтар күштің тиімді құралы деп санайды. Неореалистер күшті халықаралық жүйедегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырса, неолибералдар халықаралық ұйымдар мен өзара тәуелділіктің маңызын ерекше атап көрсетеді. Конструктивистер әскери немесе экономикалық әлеуеттен гөрі идеялар, нормалар, мәдениет және мемлекеттердің өзіндік бірегейлігі халықаралық қатынастардағы күштің негізгі көзі деп есептейді. Марксистер күштің түпкі негізін экономикалық үстемдік пен таптық қатынастардан іздесе, феминистік бағыт өкілдері күштің гендерлік сипатына назар аударып, халықаралық жүйедегі ерлер үстемдігін сынға алады. Осылайша, әрбір саяси мектеп күш ұғымын әртүрлі түсіндіреді және олардың арасындағы басты қайшылық күштің қайнар көзі мен оны жүзеге асыру тәсілдерін түсіндіруден көрінеді.

Біз осы зерттеу жұмысы барысында күш ұғымына қатысты бірнеше негізгі саяси мектеп өкілдерінің тұжырымдары мен олардың өзара талас-тартысына шолу жасағанымызбен, жұмсақ күш саясатына қатысты негізгі көзқарастар қалыптасқан либерализм және неолиберализм

мектептерінің теориялары мен олардың тұжырымдарына көбірек тоқталамыз. Яғни, бұл зерттеу жұмысының барысында либерализм және неолиберализм саяси мектебінің теориялары негізге алынды.

Жалпы «күш» ұғымына қатысты ғалымдар арасында ортақ консенсус, нақты көзқарас жоқ. Ол ғылымдағы түрлі дисциплиналарда жеке анықтама ретінде сипатталған. Күш ұғымы саяси ғылымда, экономика саласында, әлеуметтануда, тарих ғылымда, физика-математика саласында т.б. ғылым салаларында әр қилы көзқарас, тұжырымға сәйкес жазылған. Сондықтан біз бұл бөлімде күш ұғымына, оның ішінде жұмсақ күш теориясына қатысты негізгі саяси көзқарастарға ғана тоқталамыз. Күштің саяси әлеуметтік ғылымдардағы анықтамасы, оның саясаттағы, халықаралық қатынастардағы, тарихтағы рөлі жайлы жазбалар, көзқарастар ерте замандарға дейін созылады.

Мысалы даосизмнің негізін қалаушы қытай ойшылы Лао-цзы «Біреу елді күшпен басып алмақ болса мақсатына жетпейді. Ел деген қол тигізбейтін жұмбақ сауыт сияқты. Егер біреу оған тиіссе, сәтсіздікке ұшырайды. Егер ұстап алса, ол жоғалады... Алапат соғыстан кейін ауыр уақыт келеді. Демек, адамгершілігі бар адам ел басқарғанда ешқашан дөрекі күшке сүйенбейді. Ол соғыспайды, ештеңемен мақтанбайды, еш жерде тоқтап қалмайды» дейді (Лао-цзы 2012, 30).

Лао-цзы «Дүниеде судан асқан әлсіз, судан асқан нәзік дүние жоқ. Бірақ су әлемдегі ең қатты затты қиратып кете алады» (Все лучшие мировые афоризмы и цитаты восточных мудрецов 2018, 7) дей келе, қатты күшке қарағанда жұмсақ күштің қауқарлы екеніне меңзейді. Ал қытайдың әйгілі әскери философы Сун Цзы соғыс өнеріне қатысты стратемасында «Қарулы қақтығысқа кірісу күйреуге әкеліп соғуы мүмкін. Ал қақтығыстан айналып өту жаңаша мүмкіндік әкеледі деуге болады. Сондықтан кикілжіңнен айналып өту жолын таңдаңыз... Өзіңізге айналып өтудің қандай жолы тиімді екенін таңдаңыз» деп өсиет етсе, тағы бір жерінде жүз рет соғысып, жүз рет жеңіске жеткеннен, қарсыласыңды соғыспай-ақ жеңу әлдеқайда жақсы (Сун Цзы 1955, 26) екенін айтады. Оның күш қолданбай-ақ түрлі амал-айлалар арқылы дұшпанды өзіңе бағынысты ету жолын қолдану қажеттігі жайлы жазбалары кең таралған.

Ал ежелгі грек тарихшысы, әйгілі Пелопоннес соғыстары туралы жазған Фукидид мемлекеттер арасындағы соғыстар циклы мыңжылдықтар бойы өзгеріссіз жалғасып келе жатқанын жазады. Ол «күш» ұғымының саясатта үлкен рөл ойнайтынын, қашанда күштінің әлсізді жеңетінін бұлжымас заң екенін алға тартады.

Фукидид «Тарих» атты еңбегінде «Әділеттілік туралы ойлар ешкімді күш қолдану арқылы билікті ұстап қалу әрекетінен айнытқан емес. Адамдарға билік етуге мүмкіндігі бола тұра әділет жолынан таймаған би-

леушілерді ұлықтаған жөн» (Фукидид 1981, 35) дейді.

Ағылшын философы, эмпиризм және либерализм мектебінің белді өкілі Джон Локк тура мағынасындағы күш ұғымының мемлекетаралық қатынастағы, адамдар арасындағы иерархиялық құрылымдағы рөлі жоғары екенін жазады [40]. Оның тұжырымдауынша кез келген өзгеріс пен қарсылық күшке бағынады. Сондықтан күшке иелік ету, қуатты болу өзгеге ықпал етудің, билеудің негізін қамтамасыз етеді.

Келіссөздер, дипломатиялық мәміле арқылы проблеманы шешудің тиімді екенін көптеген зерттеушілер де алға тартады. Мысалы халық дипломатиясын зерттеуші Гөфрей Коуан мен Амелия Арсенаул команда құру, іскерлік қарым-қатынас орнату, әлеуметтік капитал, кикілжіңнен қашу, демократия орнату ықтимал қақтығыстардан құтқаратынын жазады (Cowan and Arsenault 2008, 22).

Тарихта күш қолданбай түрлі тәсілдер арқылы жеңіске жетудің кейстері көп. Бұған Үндістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері Махатма Гандидің халықты топтастыру арқылы жүргізген «сатьяграха» (шындық үшін тайсалма) деп аталған қарсыласу қозғалысын айтуға болады. Ол отаршылдыққа қарсы қарумен емес бейбіт тәсілдер арқылы күресу жолын таңдады. Ганди қару-жарақ арқылы қарсыласуға қарсы болды. Кейбір солшыл топтар Гандидің бағытына, әдісіне қарсы болғанымен тұтас халық оны қолдап шықты. Нәтижесінде біраз жылдар өткен соң Үндістан ағылшындардың отарлығынан босап, тәуелсіздігін алды. Бұл күш қолданбай-ақ жеңіске жетудің нақты үлгісіне, жарқын мысалына айналды.

Неміс философы, әлеуметтанушы Юрген Хабермас қоғамның басқару формасын коммуникативті және стратегиялық деп екіге бөліп қарастырады (Rasche 2014). Ол коммуникативті басқару формасына өзара диалог, мәміле жасау, келіссөз арқылы консенсусқа келе алатын әдісті жатқызса, стратегиялық басқару формасына көбінесе күшке сүйенетін, өз қалауына бағынбағанды мәжбүрлеу арқылы жолға салатын жүйені жатқызуға болатынын жазады.

Жұмсақ күш саясаты жайлы теория неолиберализм мектебінің белді өкілі, Гарвард университетінің профессоры кіші Джозеф Найға тиесілі. Аталған теория жайлы түрлі пікір бар. Осы теорияның негізгі ерекшелігі және бұл теорияға қатысты белгілі ғалымдар мен зерттеушілердің көзқарастарына тоқтала кетейік.

1990 жылы әйгілі Гарвард университетінің профессоры Кіші Джозеф Най әлемдік саясатты күш қолданбай-ақ мәдениет, тартымды саясат, тиімді құндылықтар жүйесін қалыптастыру сынды баламалы инструменттер арқылы әлемдегі өзге күштерді өзіңе баурауға, сол арқылы өз саясатыңды жүргізуге, оларға ықпал етуге болатынын мәлімдеді.

Кіші Джозеф Най өз сөзінде «Жұмсақ күш» саясаты достық қарым-қатынас, тартымды саяси жүйе мен мәдениет, саяси құндылықтар мен институттар, өзгелер ұмтылатын активтерге сүйенеді. Бұл әлеуетті серіктесті ортақ әлемдік құндылықтар, ортақ институттар, ортақ мақсат төңірегіне топтастырады. Ол ортақ мақсат «жұмсақ күш» саясатын жүргізуші елдердің мүддесінен туындайды. Бұл жоғарыда баяндалған «өзіңнің қалауыңды өзгеге қалату білу» тұжырымына келіп тіркеледі» деген ойды айтады (Есіркеп, Абдрахманова 2020, 122).

Ол 2006 жылы Foreign Policy журналына шыққан «Жұмсақ күш жайлы тағы ойланайық» атты мақаласында «Күш – өзің қалағанды алу үшін өзгенің әрекетін өзгерте білу қабілеті. Мұны істеудің негізгі үш жолы бар. Олар мәжбүрлеу (таяқтау), төлеу (тәтті беру) және өзіңе тарту (жұмсақ күш)» дейді (Nye 2006). Най осы әдістердің ішінде жұмсақ күш арқылы мақсатқа жетудің әлдеқайда тиімді жол екенін алға тартады.

Джозеф Най 2013 жылы жариялаған «Жұмсақ күш және Америка-Еуропа қатынастары» атты мақаласында «Қызықтыру қашанда мәжбүрлеуден тиімдірек. Ал демократия, адам құқықтары және жеке мүмкіндіктер аса қызықтырушы тартылыс нүктесі. Егер саясатта тәкаппарлық пен екіжүзділік байқалса өзгелер теріс бұрылып, жиіркеніш сезімін туғызуы мүмкін» (Nye 2004a) екенін айтып, жұмсақ күш саясатын жүргізуде барынша сақ болудың маңызды екеніне тоқталады.

Саяси ғылымдар дисциплинасында жұмсақ күш дискурсына қатысты зерттеушілер, қызығушылар саны артып, түрлі материалдар жазылғанымен, ғалымдар арасында ортақ консенсусқа негізделген нақты анықтама жоқ (Bakalov 2019). С. Есіркептің еңбектері жұмсақ күш теориясын Қазақстан жағдайында түсіндіруге бағытталған. Автор Қазақстанның жұмсақ күш саясатының әлеуетті құралдары ретінде білім беру, мәдениет, тіл, латын әліпбиі, халықаралық имидж және қоғамдық дипломатия тетіктерін қарастырады (Есіркеп 2020). Сонымен қатар, Г. Каппасова, Ғ. Ельмуратов, М. Алтыбасарова және М. Рахимбаева авторлығымен жарияланған зерттеуде жұмсақ күш қазіргі саяси теория мен халықаралық қатынастар тәжірибесі аясында саяси стратегия ретінде қарастырылады. Авторлар жұмсақ күштің ресурстары, мақсаттары және нәтижелері мемлекеттердің сыртқы саясаттағы ықпалын арттыруда маңызды орын алатынын атап өтеді (Каппасова, Г. және т.б. 2023).

Сарапшылар арасында жұмсақ күштің анықтамасына, оның құралдары мен әлеуетіне, сондай-ақ жұмсақ күшті қандай мемлекеттер немесе институттар қандай жағдайда қолдана алатынына қатысты талас-тартыстар жалғасып келеді.

Жоғарыда баяндап өткеніміздей күштің ауыспалы мағынадағы «қаты» және «жұмсақ» түрлері туралы жиі айтылып келгенімен, соңғы уақыт-

та саяси ғылымда «ақылды» күш ұғымы туралы да жиі айтылып жүр. Ақылды күш ұғымы қатты және жұмсақ күшті қажетті кездерінде араластыра отырып, өз мақсатыңа жету стратегиясы ретінде негізделуде (Nye 2004a, 32). Мұны да ұсынған неолиберализм мектебінің өкілі Джозеф Най. Ол америкалық мәдениет пен құндылықтардың ешқашан Талибанға, Усама Бен Ладенге тартымды болмайтынын, мұндай жағдайда тек күш қолдануға тура келетінін жазады (Nye 2004b, 258).

Ақылды күш саясатын қолаушы ғалымдар шоғыры аз емес. Олардың қатарына Адре Голдау мен Ник Ситтер (Goldthau and Sitter 2015), Эрнест Джеймс Уилсон III сияқтылар бар.

Халықаралық саясат теоретиктерінің бірі Эрнест Джеймс Уилсон III америка идеологтарының жұмсақ күш және қатты күш жайлы ұстанымдарын сынға алады (Wilson 2008, 111). Ол жұмсақ күш саясатын қолдаушылардың пікірі мен келтірген аргументтері әлсіз, саяси аңғал және институционалдық тұрғыдан кемшін екенін айтады. Бұл ретте қатты күшке сүйенушілердің саяси және институционалдық тұрғыдан мықты екенін, алайда өз аргументтерін бейадекват айтатынын, келіссөздерге келгенде ұлттық мүддені қорғай алмайтынын айтып, айыптайды.

Эрнест Джеймс Уилсон III саясатта ақылды күшті пайдалану керектігін жазады. Бұған сәтті кейс ретінде Қытайдың сыртқы саясаттағы жұмсақ күшін атап, ҚХР-дың өзге мемлекеттерге инвестиция салып, жылы қарым-қатынас орнатқанын, ал Тайвань мәселесіне келгенде қатты күшті пайдаланудан қашпайтынын атайды. Мұндай ақылды күш саясаты АҚШ-қа да ауадай қажет екенін жазып, өзге ойды айтатын идеологтарды сынайды. Сондай-ақ, ақылды күш теориясын ұстанушылар терроршылармен күресте жұмсақ күштің жарамсыз екенін, олармен тек қару арқылы күресу қажеттігін алға тартады. Бұл ретте, терроршылар шыққан елдегі халықтың бәрі радикал емес екені анық. Сондықтан қалғандарымен жұмсақ күш арқылы ықпалдасып, оларды өз идеяңа немесе ұстанымыңа көндіруге тартуға болады.

Расында да АҚШ-та ақылды күш тұжырымын қолдаушылар санының ұлғаю себебі АҚШ-тың Иракқа, Ауғанстанға әскер кіргізуі және осы арқылы қатты күштің көмегіне жүгінуін ақтап алу, алдағы уақытта тек жұмсақ күш арқылы өз саясатын жүргізудің мүмкін еместігін мойындауынан деп қабылдаған жөн. Джозеф Най да кейіннен белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін қатты күшті пайдаланудың тиімді болатындығын мойындайды (Емельянова 2018, 14).

Біз бұл зерттеуде негізінен жұмсақ күш саясатын талдауды мақсат еткендіктен ақылды күш жайлы ғалымдар арасында қалыптасқан полемикаларға көп тоқталмаймыз.

Америкалық саясаттанушы Джемма Галаротти жұмсақ және қатты күшті салыстырып, қатты күштің материалдық ресурстарға қол жеткізу мақсатында пайдаланылатынын, ал жұмсақ күштің материалдық емес қосымша игіліктерді көздейтінін айтады (Gallarotti 2011). Оның пікірінше екеуінің табиғаты қарама-қайшы болғанымен, бірін бірі толықтырып, күшейтіп отырады. Сондықтан мақсатқа максималды түрде қол жеткізу үшін екеуінің де әлеуетіне арқа сүйеуге тура келеді.

Саясаттанушы Марта Финнемор мен Катрин Сиккинк ортақ идея, мақсат және тиісті іс-қимылдар әлемге ортақ құрылым, тәртіп және тұрақтылық сыйлайтынын алға тартады (Finnemore and Sikkink 1998, 894). Олардың тұжырымдауынша жұмсақ күш саясатын жүргізу үшін жалпыадамзаттық құндылықтар жеткіліксіз. Өйткені бәріне белгілі мұндай құндылықтар арқылы өзгелерді өзіңе тарту, сол арқылы мақсатқа жету қиын. Сондықтан өзгеде кездесе бермейтін және тартымды құндылықтарды ойлап тапқан жөн.

Ал бірақ күш ұғымын зерттеуші тағы бір ғалымдардың бірі Стивен Ротман бұған қайшы пікір айтады. Ол әлемде кең таралған оң тәжірибелер мен белгілі бір жетістікке жеткен саясаткерлердің іс-қимылын көшіру арқылы жұмсақ күш саясатын табысты жүргізуге болатынын жазады (Rothman 2011, 56). Ротман мысал ретінде АҚШ-та әйелдердің құқықтары мен бостандықтары жақсы қорғалса, өзге әлем елдерінің халқы үшін де мұның тартымды болатынына көңіл бөледі. Сол сияқты оның пікірінше америкалық мәдениет, саяси идеалдар мен саяси тәжірибе өзгелерге жағымды, ұнамды болуы үшін оның қарапайым америкалықтарға ұнауы және нәтижелі болуы тиіс. Осылай болған жағдайда ғана жұмсақ күш туралы айтуға болады.

Жұмсақ күш әрдайым «жұмсақ» бола бермейді, кей кезде мәжбүрлеу күшіне де ие деген ойды америкалық саясаттанушы Дженис Маттерн жазады. Сонымен қатар ол жұмсақ күш идеясын, әлеуетін қолдаса да, Найдның жұмсақ күштің тартылыс тірегі жайлы нақты ұсыныстары, ойы жоқ екенін сынайды (Bially Mattern 2005, 591). Жұмсақ күш идеясы жайлы жазған кезде оның қандай құралдары және тетіктері бар екендігі туралы жан-жақты зерделеу қажеттігіне тоқталады. Маттерннің тұжырымдауынша жұмсақ күшті қалыптастыруда коммуникативті қарым-қатынас үлкен рөлге ие.

Дженис Маттерн Найдның ұсынған жұмсақ күш теориясына қарсы шығып, оның «жұмсақтығына» күмән келтіреді. Ол жұмсақ күш идеясының тек жарнамасы кең тарап кеткен идея екенін, ешқандай да ғылыми жаңашылдықтың жоқ екенін айтады. Маттерннің пікірінше өзгені өзіңе тартымды қылу үшін, алдымен өзіңдікін қалыптастырасың. Ол жерде

әрине ең бірінші мәселенің бірі күшке келіп тіреледі. Сондықтан идеал қоғам туралы ұсыныс айтудың астарында күш қолдану механизмін де іске қосу туралы ой жатқанын айтады.

Профессор Александр Вивинг жұмсақ күштің үш негізгі жағымды агент сипатынан тұратынын жазады.

Біріншісі – адамдарға бағытталған мейірімділік пен жақсылық.

Екіншісі – іс-әрекеттерге жасалған жақсылық.

Үшіншісі – құндылықтарға, бірігейлікке, мақсат пен сенімге деген жақсы қатынас (Vuving 2020, 7). Ол жақсылық жасау игі қарым-қатынасты қалыптастыратынын жазады. Вивингтің пікірінше жақсылық, ізгі әрекет жасау арқылы жұмсақ күш саясатын тиімді жүргізуге болады. Өйткені тартымдылық болған жерде қарсылыққа ұшырау, кикілжіңге бару ықтималдығы азаяды.

Дэвид Көрн жұмсақ күш ұғымындағы тартымдылық тұжырымына қатысты халықаралық қатынастарда ортақ көзқарас жоқ екенін жазады. Бұл ұсынысты субъективті көзқарас ретінде сипаттаған ол тартымдылықтың табиғатын анықтау қиын, идеялық өлшемі жоқ екенін алға тартады (Kearn 2011, 71). Оның тұжырымдауынша жұмсақ күш туралы әр түрлі көзқарас сараптамалық материалдарды жазғанда зерттеушілерді жиі шатастырады. Тартымдылық тақырыбында проблема бар, қатты күш пен жұмсақ күштің ара қатынасы да түсініксіз, анық емес, абстрактілі.

Көрн тартымдылыққа, жұмсақ күштің құралына идеология, институттар, нормалар, құндылықтар, мәдениет жататынын айтады. Алайда мемлекеттің жеткен жетістігінің түбінде материалдық ресурстар немесе қатты күш жататыны ескерген жөн (Kearn 2011, 74).

Сонымен қатар, жұмсақ күшке бағынбағандарды мәжбүрлеу жолымен де өз дегеніңе көндіруге болады. Бұл ретте қатты күшті тікелей көрсетпесе де, қорқыту арқылы екі таңдау жолын ұсынып, нәтижесінде мақсатқа қол жеткізу мүмкіндігі бар. Яғни, бұл жерде таңдауға ұсынысты қабылдау немесе жойылу қаупі қатар қойылады (Bially Mattern 2005, 591).

Джозеф Найдың идеясын сынаушылар және аталған бағытта жазылған еңбектер өте көп. Оларды мазмұнына байланысты негізгі екі топқа бөлуге болады. Біріншісі теорияны, идеяны жоққа шығарушылар, екіншілері жоққа шығармаса да кемшілігі бар екенін айтып, оны дамытуға, түзетуге атсалысқандар.

ҚОРЫТЫНДЫ

